

**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік
Университеті**

Қайта Өрлеу дәуірі философиясы

**Орындаған: Болатбеков А.А.
Тексерген: Темирханова А.С.
Тобы: И(о)16к**

Қайта Өрлеу философиясының дамуы 3 кезеңнен тұрады

Жаңа Қайта өрлеу

- XIV ғасыр

Гүлденген Қайта өрлеу

- XV ғасырдың ортасы

Кейінгі Қайта өрлеу

- XVI ғасыр

Қайта Өрлеу дәуірінің философиясымен мәдениетінің ерекшеліктері

Өндірістік қатынастардың өркендеуі, кәсіпкерлік пен сауданың кең өріс алуы

Қалалардың күшейіп, шіркеуге тәуелсіз, мәдени-саяси орталықтардың қалыптасуы

Европа мәдениеттердің іріленуі, орталықтануы. Алғашқы парламенттердің пайда болуы.

Географиялық ұлы ашулылар

Ғылыми-техникалық жаңалықтардың қоғамда орын алуы, телескоптың пайда болуы, кітап басу және медицинамен астрономия ғылымының жаңалықтары



Қайта Өрлеу философиясының орталық ұғымдары



Антропоцентризм

дүниенің орталығына адамды қоятын италяндық Қайта Өрлеудің тұжырымдамасы. Ол Еуропалық жаңа заман мен Ағартушылық идеологиясына әрі өмірлік өлшеміне және гуманизмнің маңызды шартына айналды. Ежелгі дәуірде негізі қаланғанымен табиғат аясынан шыға алмады. Жаңа заманда адам еріктері мен мінез-құлықтары туралы тұжырым қалыптасты, оның қағидалары нарыққа, демократияға, азаттық қоғамға бет бұрған әлеуметтік мәдениетті басшылыққа алды.

Гуманизм

(лат. humanus – адамдық, адамгершілік)
– адамды бірінші орынға қоятын және тұлғаны ең жоғарықұндылық деп қарастыратын тұжырымдама, дүниетанымның принципі. Тар мағынада ортағасырдағы дінісхоластикаға қарсы Қайта Өрлеу дәуіріндегі зайырлы (светское) көзқарас.



Макиавелли Никколо
1469 – 1527


Макиавелли Никколо (итал. Niccolò di Bernardo dei Machiavelli; 3 мамыр 1469 жыл, Флоренция — 21 маусым 1527 жыл, сонда) — италиялық философ, жазушы, саясаткер-флоренциялық дипломат, саяси теоретик, саяси биліктің жаңа тарихтағы алғашқы аналитигі.

Оның негізгі идеясы — мемлекетте адамдар арасындағы жеке қатынастарды реттеуші этикадан басқа принциптер болуы керек. Негізгі бағыт — билікке жету және реттеу. Сондықтан, Макиавелли бойынша, басшы жағдайға байланысты әрекет етуі қажет. Макиавелли ілімінің ерекшелігі оның аралас республиканы күресуші әлеуметтік топтардың ұмтылыстары мен мүдделері келісімінің нәтижесі және құралы деп есептеуінде.

Макиавелли шығармалары әлеуметтік ойлардың кейінгі дамуына орасан зор ықпал етті.



Николай Коперник 1473 - 1543



Николай Коперник (нем. Nikolaus Kopernikus; итал. Nicolò Copernico; пол. Mikołaj Kopernik; 19 ақпан 1473 ж. Польша, Торунь – 24 мамыр 1543 ж.) – дүниенің гелиоцентрлік жүйесін жасаушы поляк астрономы, математигі, экономисті.

Краков университетінде оқып, 24 жасында каноник (діни қызмет) болып сайланды. Италия мемлекетінде астрономия, философия, заң, медицина, т.б. ғылым салалары бойынша білімін жетілдірді. 1504 ж. отанына қайтып оралып, ғылыми және саяси жұмыстарға белсене араласты.

Коперник Италияда, кейін өз елінде жүргізген ұзақ зерттеулері мен бақылаулары негізінде 1500 жыл бойы ғылымда үстемдік етіп келген Әлем жөніндегі Птолемей іліміне (геоцентрлік жүйе) сын көзімен қарап, оған қарсы пайымдаулар мен қорытындыларға келеді. Птолемей жүйесі бойынша Әлем кіндігі ретінде қозғалмайтын Жер қабылданса, Коперник жүйесінде Әлем кіндігі ретінде Күн алынады. Коперник зерттеулерінің үлкен өмірлік мәні бар.



Кеплер Иоганн
1571-1630

Кеплер Иоганн (нем. *Johannes Kepler* 27.12. 1571, Германия, Вюртемберг, Вейль-дер-Штадт қ. — 15.11.1630, Бавария, Регенсбург қ.) - Неміс астрономы, математигі. XVII ғ. адамзаттық ғылым-техника төңкерісінің дәуір бөлгіш тұлғаларының бірі. Әйгілі астроном Тихо Брагенін қол астында зерттеумен айналысқан шәкірті. Тихо Браге көптеген астрономиялық құбылыстарды көзеткенімен оларға синтез жасай алмады. Ал Кеплер болса оларды қорытып, анализдеп, әйгілі заңдарды туғызды. **Кеплер заңдарын** ашты. Кейінгілер оның "жаңа астрономия", "Әлемнің гармониясы", Коперниг астрономиясы туралы" кітаптары арқылы планеталар қозғалысының үш заңын тұрақтандырды. Ол өзінен кейінгі **Ньютон** секілді ғалымдардың тартылыс заңын ашуына тікелей ықпал етті. Иоганн Кеплер 1593 ж. Тюбинген университетін бітіреді. Кеплер балалық шағында куәгер болған 1577 жыл Ұлы Кометасы күллі Еуропа астрономдарының назарын аударды.

1594-1600 ж.ж. Грацтегі жоғарғы мектепте жұмыс істейді. 1600 ж. Прагаға астроном Тихо Брагеге көшіп кетеді, ал 1612 ж. Линцке қоныс аударады.



Галилео Галилей
1564-1642

Галилео Галилей (итал. Galileo di Vincenzo Bonaiuti de' Galilei; 15 ақпан 1564, Пиза — 8 қаңтар 1642, Арчетри, Флоренция маңы) — итальян философы, математик, физик, механик және астроном, табиғаттану ғылымдарының негізін салушы, өз заманындағы ғылымға өте қатты әсер еткен. Ол ұлы ғалым болумен бірге, музыкант, суретші, ақын, әдебиетші де болған.

Ол Италияның Пиза қаласында 1564 жылдың он бесінші ақпанында кедейленген ақсүйек отбасында туған. 1581 жылы Пиза университетіне түсіп, медицинаны оқып үйренеді. Мұнда ол Аристотель, Евклид, Архимед еңбектерімен танысады. Сөйтіп, геометрия мен механикаға әуестенген Галилей медицинаны тастайды. Кейін Флоренцияға қайта оралып, төрт жыл бойы математиканы зерттейді. 1589 жылы Пизада математика кафедрасын қабылдап алып, ғылыми жұмысын онан әрі жалғастырады. Аристотельге қарсы "Қозғалыс туралы сұхбат" деген еңбек жазады.


Галилей ашқан жаңалықтар дүниенің гелиоцентрлік жүйесі туралы ілімнің жеңіп шығуына ықпал етті. Галилей 1642 жылдың сегізінші қаңтарында Флоренция маңындағы Арчетри қаласында дүние салды.



Николай Кузанский (1401-1464 жж.) жас кезінде Падуя университетінде (Италия) оқып, соңынан діни қызметпен айналысады. Ол өзінің ой-өрісінде ортағасырлық философия мен Қайта өрлеу заманындағы гуманистік ой-пікірді ұштастырды. Ұлы ойшылдың діни еңбектерінен басқа философиялық туындылары да біршама. Солардың ішіндегі ең таңдаулысы «Ғылыми білімсіздік» деп аталады.

Енді сол «ғылыми білімсіздік» деген қайшылықты ұғымның мән-мағынасына тоқталайық. Белгілі бір нәрселер жөніндегі ақиқатты іздеу жолында біз анықталмағанды анықталғанмен, белгісізді белгілімен т.с.с. салыстырамыз. Сондықтан бұл өмірдегі шектелген заттар жөнінде белгілі бір пікірлер айту онша қиын емес. Ал енді шексіздікті зерттеген кезде, біз басқаша жағдайға кез боламыз. Шексіздікті біз көз алдымызға елестете алмаймыз, оның көлемі бізге белгісіз, біз оны еш нәрсемен салыстыра алмаймыз. Бұл адамның (әрқашанда шектелген) ақыл-ойы мен шексіздіктің арасындағы қайшылық Н.Кузанскийдің ойынша, ғылыми білімсіздікті тудырады.

Николай Кузанский (1401-1464 жж.)



Кампанелла Томмазо
1582 - 1639

Кампанелла Томмазо, 1582 жылы монах ретінде шашын күзегенге дейін Джованни Доменико (1568 – 1639) – италиялық философ, ақын, саяси қайраткер. Бастапқы утопиялық коммунизм ағымы өкілдерінің бірі. Кампанелла адамзаттың бірлігі мен игілігін армандады. 1599 жылы Италияны испан езгісінен азат ету мақсатымен көтеріліс ұйымдастыруға әрекет жасады. Астыртын әрекеті әшкереленіп, Кампанелла ауыр азаптаудан кейін түрмеге қамалып, онда 27 жыл отырды. Сонда отырып ол жеке меншіктен ада, жаппай молшылыққа кепіл болатын, бірақ тұрмысты реттеп отыратын, шын мәнінде абыздар билігі сипат алған мінсіз қоғам туралы өз утопиясы “Күн қаласын” (1602) жазды. Ол 1623 жылы жарияланды. “Күн қаласы” – кейінгі қоғамдық ой-пікірлердің дамуына елеулі ықпал жасады. Кампанелла көптеген канцон, мадригал және сонеттердің авторы



Джордано Филиппо Бруно

Джордано Филиппо Бруно (1548, Италия, Нола — 17 ақпан, 1600, Рим) — италиялық философ, ақын, астроном, пантеизм өкілі

Дінге қарсы көзқарасы үшін шіркеу басшылары оны қуғынға ұшыратты. Сондықтан ол Италиядан кетіп, Францияда, Англияда, Германияда тұрды. Италияға қайтып оралғаннан кейін (1592), инквизиция оны діннен безген деп айып тағып, сегіз жыл түрмеде ұстады, кейін тірідей отқа жағып өлтірді.

Бруно философияның мақсаты табиғаттан тыс тұрған құдай бар деп білу емес, “заттардың өз күдіреті” болып табылатын табиғатты тану деп тұжырымдайды.

Ол ғаламның шексіз екендігі жайында идея ұсынды (“Ғалам және ғалам дүниелері, шексіздік туралы”, 1584).

Дүниенің физ. біртектілігін (барлық дене жер, су, от, ауа және эфирден тұрады деген 5 элемент жөнінде ілімі) мақұлдайды.



Мор Томас
1478-1535

Мор Томас (ағылш. Sir Thomas More, тағы ағылш. Saint Thomas More; 7 ақпан 1478, Лондон — 6 шілде 1535, Лондон)) – ағылшын гуманисті, утопиялық социализмнің негізін салушылардың бірі. 1529 – 1532 жылы Англияда мемлекеттік жоғары қызметте болды. Папаны жақтап, корольге қарсы болғаны үшін Мор корольдің бұйрығы бойынша дарға асылды. Мор көптеген моральдық-философиялық трактаттар қалдырған. Өзінің “Утопия” (1516) деген негізгі шығармасында жеке меншікке негізделген қоғамды, өз тұсындағы әлеуметтік-саяси қатынастарды сынға алып, қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық құрылысты суреттеді. Қоғамдағы кемшіліктердің негізі жеке меншікте, ал оның өмір сүру негізі – адамдардың теріс әрекеті, менмендік, мансапқорлық дейді.